

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жергілікті жерден, соның ішінде дипломатиялық қызмет персоналдарының отбасы мүшелері қатарынан жұмысқа қабылданған штаттан тыс жұмыскерлердің еңбек шарттарын бекіту туралы

## ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 08-2/83 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4194. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2024 жылғы 12 қарашадағы № 11-1-4/633 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 12.11.2024 № 11-1-4/633 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 23 қаулысымен бекітілген Шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналды еңбек шарттарының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жергілікті жерден, соның ішінде дипломатиялық қызмет персоналдарының отбасы мүшелері қатарынан жұмысқа қабылданған штаттан тыс жұмыскерлердің еңбек шарттары бекітілсін.

2. Валюта-қаржы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің мемлекеттік тіркеуінен өткен күнінен бастап күшіне енгізіледі.

**МИНИСТР**

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі  
30 наурыз 2006 жыл

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
2006 жылғы 31 наурыздағы

**Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне  
жергілікті жерден, соның ішінде дипломатиялық қызмет  
персоналдарының отбасы мүшелері қатарынан жұмысқа қабылданған  
штаттан тыс жұмыскерлердің еңбек шарттары**

**Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "жеке" деген сөз алынып тасталды - КР Сыртқы істер министрінің м.а. 2010.09.23 N 08-1-1-1/327 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

1. Осы Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жергілікті жерден, соның ішінде дипломатиялық қызмет персоналдарының отбасы мүшелері қатарынан жұмысқа қабылданған штаттан тыс жұмыскерлердің еңбек шарттары (бұдан әрі - Шарттар) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы негізінде өзірленген және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде штаттық дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметке тағайындаусыз, еңбек шарттары негізінде еңбек қызметін жүзеге асыратын адамдардың еңбек шарттары мәселелеріне қатысты құқықтық қатынастарды реттейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Сыртқы істер министрінің 26.12.2013 № 08-1-1-1/656 бұйрығымен.**

**1. Қызметке тағайындау және қызметтөн босату**

2. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне жұмысқа қабылданған адамдармен Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің басшысы еңбек шартын жасасады, кейіннен Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі басшысының штаттан тыс жұмыскер ретінде қызметке тағайындау туралы бұйрығы шығарылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Сыртқы істер министрінің м.а. 2010.09.23 N 08-1-1-1/327 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

3. Штаттан тыс жұмыскерлер (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар) әкімшілік, техникалық және шаруашылық функцияларын орындау үшін қызметке қабылданады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Сыртқы істер министрінің 26.12.2013 № 08-1-1-1/656 бұйрығымен.**

4. Шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналдарының отбасы мүшелері де - Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің әкімшілік-техникалық персоналдарының қызметіне тағайындала алады.

Штаттан тыс жұмыскерлер еңбек шартымен шарттасылған өзінің негізгі жұмысынан басқа, өзінің негізгі жұмысынан босамай, уақытша жұмыста жоқ қызметкердің міндеттерін немесе басқа лауазым бойынша, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайларда қосымша жұмысты да орындай алады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Сыртқы істер министрінің м.а. 2010.09.23 N 08-1-1-1/327 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

5. Дипломатиялық қызмет персоналының отбасы мүшесімен еңбек шарты жасалған жағдайда, оның мерзімі аяқталуы сол отбасының мүшесі болып табылатын дипломатиялық қызмет персоналының Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіндегі жұмысының аяқталу мерзімінен аспауы тиіс.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен көзделген негіздер бойынша, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі басшысының кейіннен бұйрығы шығарылуы арқылы еңбек шарты бұзылуы немесе оның қолданысы тоқтатылуы мүмкін.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Сыртқы істер министрінің м.а. 2010.09.23 N 08-1-1-1/327 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

## **2. Жалақы, жалақыны есептеу тәртібі, жалақыдан ұстап қалу, кепілдіктер және өтемакы төлеу**

7. Штаттан тыс жұмыскерлердің жалақысы шетелдік валютада:

мерзімді (нақты жұмысты атқарған уақыты үшін);  
кесімді (белгілі бір жұмыс көлемін орындағаны үшін) төленеді.

Штаттан тыс жұмыскердің шекті жалақысы Қазақстан Республикасының шет елдегі Төтенше және Өкілетті Елшісі айлықақысының 30 пайызы көлемінде белгіленеді.

Штаттан тыс жұмыскерлердің шет елде жұмыс істеген уақытына Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жалақы төленбейді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Сыртқы істер министрінің 26.12.2013 № 08-1-1-1/656 бұйрығымен.**

8. Штаттан тыс жұмыскерлер үшін жұмыс уақытының және демалыс уақытының ұзақтығы, соның ішінде мейрам күндері орналасқан мемлекеттің заңнамаларымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

Штаттан тыс жұмыскерлер шетел валютасындағы орташа жалақысы мөлшеріндегі төлеммен жыл сайынғы еңбек демалысын алу құқығын пайдаланады және 30 күн календарлық күнтізбе мерзімінде.

Егер штаттан тыс жұмыскер жыл сайынғы төленетін еңбек демалысын пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған жағдайда штаттан тыс жұмыскерге жұмыстан босаған кезде пайдаланылмаған жыл сайынғы еңбек демалысы үшін ақшалай өтемәқи төленеді.

Жүктілігі мен босануы жөніндегі демалысы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ұзақтықта беріледі.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 2010.09.23 N 08-1-1-1/327 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізілді) Бұйрығымен.**

9. Науқастанған жағдайда, штаттан тыс жұмыскерге уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша шетелдік валютада орташа жалақы есебімен ауырған барлық уақыты үшін, бірақ екі айдан аспайтын уақытқа жәрдемақы төленеді.

9-1. Штаттан тыс қызметкерлер Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі басшысы бұйрығының негізінде қысқа мерзімді іс сапарға жіберіледі.

Іссапар шығыстарын өтеу "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісі болып табылатын Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызмет органдарының персоналды үшін белгіленген көлемде жүзеге асырылады.

**Ескерту. Еңбек шарты 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 26.12.2013 № 08-1-1-1/656 бұйрығымен.**

10. Шет мемлекеттердің азаматтары немесе азаматтығы жок адамдар болып табылатын штаттан тыс жұмыскерлерге төлемдер мен жәрдемақылардың тәртібі мен мөлшері орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес белгіленеді.

### **3. Қорытынды ережелер**

11. Штаттан тыс жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде қолданылатын ішкі еңбек тәртібінің ережелері қолданылады.

12. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде жұмыс істеген уақыты штаттан тыс жұмыскерлердің еңбек өтіліне (стажына) қосылады.

Егер штаттан тыс жұмыскер Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жағдайда, оның еңбек кітапшасындағы жазбаны Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің басшысы берген растау анықтамасы негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүргізеді.

13. Осы Шарттармен реттелмеген өзге де еңбек шарттары Қазақстан Республикасының заңнамаларына және еңбек шартына сәйкес белгіленеді.